**8D01101-Педагогика және психология (6D010300-Педагогика және психология) мамандығы бағыты бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған Аскар Жолдасбекович Куватовтың «Студенттердің ішкі интеллектуалды әлеуетін арттырудың педагогикалық шарттары (дене шынықтыру және спорт мамандарына арналған)» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына**

# РЕСМИ РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ

| р/н № | Критерийлер | Критерийлер сәйкестігі | Ресми рецензенттің ұстанымы |
|---|---|---|---|
| 1. | Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы | 1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: | Қазақстан Республикасының ғаламдық білім беру жүйесіне өтуі, оның әлеуметтік-экономикалық жағдайының мемлекеттік құзырымен жаһандану мәселесінің сәйкестілігі аксиологиялық парадигмамен студенттердің ішкі интеллектуалды әлеуетін арттырудың педагогикалық шарттарын анықтауда докоранттың қосқан үлесі зор.<br>Осы орайда, дене шынықтыру сабағында білім мазмұнын біліктіліктің игілікті ілім сапасында берілуін, меңгеруін интериоризациямен дәлелдеуі нұсқалы тұжырым деп есептеледі.<br>Докторант А.Ж. Куватовтың орындаған диссертациялық жұмысы еліміздегі білім берудің жоғары оқу орнының негізгі мақсаттары мен мүддесіне сәйкес келеді. Докторант өзінің ғылыми негіздемесін құруда отандық және шетелдік іргелі зерттеушілердің еңбектеріне талдау жасап, оған өзінің тұжырымдарын нұсқалы тұрғыда құруы – өзіндік ізденісінің көрінісі. Жұмыстың өзектілігі күмән туғызбайды. Ізденуші ұсынып отырған докторлық диссертацияның ғылыми-теориялық негізі тәжірибеде қамтылған. |
| | | 1) Диссертация мемлекет бюджетінен | А.Ж. Куватовтың диссертациясы Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету);<br>2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жастар саясаты туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 9 ақпандағы №285-V ҚРЗ. аясында орындалған;<br>3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына Ғылым және жоғары білім министрлігінің 2018 жылы 31 қазанындағы №600 бұйрығы оқуға қабылдану бағдарламасының үлгілік қағидаларын бекіту бағыты | ғылым дамуының басым бағытына сәйкес келеді. Докторант ҚР «Білім туралы» Заңы (2007), ҚР Үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасын бекіту туралы ҚР Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 16 қарашасындағы №521 бұйрығымен ҚР 2020-2025 жылдарға арналған білім және ғылымды дамытудың мемлекеттік бағдарламаларымен, мұнымен бірге басқа да ресми құжаттарды қажетімізге алып, олардың басым бағыттары мен ұстанымдарына сәйкес зерттеу жұмысын ғылыми талапқа сай жүргізген. |

Сканировано с CamScanner

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | бойынша сәйкес келеді. | |
| 2. | Ғылымға маңыздылығы | Жұмыс ғылымға елеулі үлесін <u>қосады</u>/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған. | Жұмыс елеулі зерттеу үдерісін педагогика ғылымына, соның ішінде педагогика және психология дамуына айтарлықтай ықпалы бар және бұл зерттеу жұмысы еліміздегі білім берудің салауатты өмір сүруіне, адал азамат миссиясын атқаруына, әділетті мемлекет құруға білім мен ғылым түйістігін дене шынықтыру пәні арқылы іске асырудың прагматикалық бейнесін парадигмалар негізінде іске асырудың жүйесін көрсетеді. Оқытушы мен студент арасындағы коммуникативтік паритеттегі қарым-қатынас құру шеберлігі де қамтылған. Білім мен ғылым үндестігін қатар меңгерулеріне білім мазмұнының рөлі анықталған. Тән қуатынан рух және жан қуатының басым болу тұстарына қызмет етер педагогикалық шарттары локальді тұрғыда зерделенген. Мұның өзі авторлық ізденістің нәтижесі деуге негіз бар. |
| 3. | Өзі жазу принципі | Өзі жазу деңгейі:<br><u>1) жоғары;</u><br>2) орташа;<br>3) төмен;<br>4) өзі жазбаған. | Докторант Куватов Асқар Жолдасбековичтің диссертациялық жұмысты орындауда өзі жазу қағидасы мен заңдылығын ұстанғаны анық. Докторанттың өзі автономды, тәуелсіз тұрғыда кәсіби шеңберде жазғаны аңғарылып тұр. Деңгейі – ғылыми стильде, жоғары. Диссертация жазу кезеңінде ғылыми мәліметті әдіснамалық зерделеу бағамымен жазғаны байқалды. Барлық талданған ақпараттар зерттеу жұмысының өзектілігі төңірегінде өркендеп, оған өздігінен тұжырым-түйіндеме жазу шеберлігі де айқын екені анықталды. |
| 4. | Ішкі бірлік принципі | 4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:<br><u>1) негізделген;</u><br>2) жартылай негізделген;<br>3) негізделмеген. | Диссертация көкейкестілігі және өзектілігінің негіздемесі зерделен өткізілген. Докторант өзінің ғылыми негіздемесін құру алдында іргелі шетелдік пен отандық зерттеушілердің еңбектеріне деректі нысаналарға, мағлұматтарға талдау жасап, оның көкейкестілігін айқындар қайшылықтарын сүзбеден өткізіп, аналитикалық |

Сканировано с CamScanner

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | пайымдама құрған. Аталып отырған зерттеу жұмысының тағылыымдық негізі тәжірибеде көрініс тапқан. Дене шынықтыру пәнінің мектеп қабырғасындағы оқушылардан бастап, есейген адамдарға да ауадай қажеттілігіне ғылыми түсініктер негіз ретінде жазылған. Адам өмірінің барлық кезендерін қамтуына қандай жағдай туғызудың гносеологиялық бағамдары ұсынылған. |
| | | 4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды:<br>1) айқындайды;<br>2) жартылай айқындайды;<br>3) айқындамайды. | Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын толық ауқымда айқындайды. Диссертация мазмұны кіріспеден, үш бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Зерттеу жұмысының құрылымы талапқа сай, зерттеудің өзектілігін дәлелдеуге болжамы мен жетекші идеясы бойынша диссертация тақырыбын айқындай аша түскен. |
| | | 4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:<br>1) сәйкес келеді;<br>2) жартылай сәйкес келеді;<br>3) сәйкес келмейді. | Диссертацияның мақсаты мен міндеттері зерттеудің тақырыбына сәйкес келеді. Әдіснамалық нысаннан қайшылықтар түзіліп, оның тақырып таңдауға ықпалы екенің анық байқалады. Студенттердің ішкі интеллектуалды әлеуеттерінің қорлануы мен оған қызмет етер педагогикалық шарттары жүзеге асырылу амалдары ұсынылған. Болжамнан жеті міндеттері айқындалып, оның іске асырылуы үш бөлімде жан-жақты ашылған. Зерттеу жұмысының міндеттері мақсатын нұсқалы тұрғыда нақтылай келіп, оқу құралы арқылы студенттердің ішкі интеллектуалды әлеуеттерін арттыру барысында педагогикалық алты шартты ұлттық бейімге сәйкес дамыта алу моделіне ғылыми тағылымдық тұрғыдан дәйектеуімен, оның тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар арқылы тексеруден өткені байқалды. Оның өзі ғылыми-әдістемелік ұсыныстар берумен сәйкес келеді. |
| | | 4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен | Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық тұрғыдан сәйкес келеді. Докторант зерттеуіндегі анықталған |

Сканировано с CamScanner

| | | |
|---|---|---|
| | құрылысы логикалық байланысқан:<br>1) толық байланысқан;<br>2) жартылай байланысқан;<br>3) байланыс жоқ. | нәтижелер бір-біріне сабақтас, ішкі бірлігі, логикалық жүйелілігі бөлімдері толық түрде бір-бірімен ұштасып, қойылған зерттеудің мақсаты мен міндеттерінің шешілу қарымы оны айқындай түскен. А.Ж. Куватов өз зерттеу жұмысының бөлімдерін ішінара тығыз байланысты бірыңғай логикалық жүйемен құрастырып зерделеген. Әр бөлімнің ғылыми нәтижелері ішкі бірлікте қисынды принциппен нұсқалы тұрғыда тұжырымдармен дәлелденген. Бұл жағдайда, эксперимент барысында алынған нәтижелер бастапқы болжамның ұстанымын негізге алып, статистикалық көрсеткіштерімен тексерілген. Зерттеу жұмысы толық байланысқан. |
| | 4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:<br>1) сыни талдау бар;<br>2) талдау жартылай жүргізілген;<br>3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген;<br>4) талдау жоқ. | Докторант А.Ж. Куватов ұсынған жаңа шешімдер (атап көрсетсек): «Студенттердің ішкі интеллектуалды әлеуетін арттырудың педагогикалық негізі», «Студенттердің дене шынықтыру пәнінде ішкі интеллектуалды әлеуетін арттырудың тұжырымдамасы», «Студенттердің ішкі интеллектуалды әлеуетін арттыру технологиялары мен шарттары», әрбір эксперимент кезеңдері (үш кезең) жеке-жеке талданған. Өлшемдіктері мен көрсеткіштері дене шынықтыру пәніне ыңғайланған. Ішкі интеллектуалды әлеуетті үш деңгей арқылы жіктеуімен талданған. Оқыту қағидаттары мен әдіс-тәсілдері, анықталған білім беру деңгейлері және олраға берілген психологиялық тұрғыдан тұжырымдары дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдерімен салыстырылып бағаланған. Докторанттың зерттеу барысында алынған нәтижелері педагогика мен білім беру психологиясының теориялық мәселелері мен оқыту технологиясы үшін теориялық және практикалық жағынан маңызды болып бірінші рет аксиологиялық парадигманың басқа парадигмалармен байланыста қарастырылған, оның даму ерекшеліктері мен деңгейлері ашалып, білім игерудің мазмұны жүйеленгені байқалды. |

Сканировано с CamScanner

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | Зерттеу аясында алынған нәтижелер мен ғылыми ұсыныстарды студенттер мен басқа да білім алушылары пайдалана алады. |
| 5. | Ғылыми жаңашылдық принципі | 5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма?<br>1) толығымен жаңа;<br>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);<br>3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем жаңа болып табылады). | Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар толығымен жаңа деп есептеймін.<br>*Бірінші ғылыми нәтиже жаңа.* Докторант отандық, алыс-жақын шетелдік зерттеуші ғалымдардың зерттеулеріне жан-жақты талдау жасап, нәтижесінде зерттеудің ғылыми-әдіснамалық негіздерін айқындаған.<br>*Екінші ғылыми нәтиже жаңа.* Зерттеу жұмысына байланысты студенттердің ішкі интеллектуалды әлеуетін өркендетуде стахастикалық парадигманың алар орның анықтаған.<br>*Үшінші ғылыми нәтиже жаңа.* Студенттердің ішкі интеллектуалды әлеуетін дамытуда қозғалыс белсенділігін тиімді қолданудың ойлау өнеріне тигізер ықпалы жіктелген.<br>*Төртінші ғылыми нәтиже жаңа.* Студенттердің ішкі интеллектуалды әлеуетін арттырудың педагогикалық негізін анықтап, осының негізінде оқу құралы шығарылды.<br>*Бесінші ғылыми нәтиже жаңа.* Студенттердің дене шынықтыру пәнінде ішкі интеллектуалды әлеуетін арттырудың тұжырымдары ұсынылған.<br>*Алтыншы ғылыми нәтиже жаңа.* Студенттердің ішкі интеллектуалды әлеуетін арттыру технологиялары мен оны әске асыратын педагогикалық шарттары ұсынылған.<br>*Жетінші ғылыми нәтиже жаңа.* студенттердің ішкі интеллектуалды әлеуетін арттырудың нәтижелері тәжірибелік-эксперименттік жұмыс арқылы тексерілген. |
| | | 5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма? | Диссертацияның қорытындылары толығымен жаңа. |

Сканировано с CamScanner

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | 1) толығымен жаңа;<br>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);<br>3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем жаңа болып табылады). | |
| | | 5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?<br>1) толығымен жаңа;<br>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);<br>3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем жаңа болып табылады). | Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері негізделген және толығымен жаңа. Диссертациялық зерттеу бойынша өткізілген тәжірибелік-эксперименттік жұмыстарының ұйымдастырылуы және жүргізілуі, атап айтсақ, студенттердің ішкі интеллектуалды әлеуетін арттырудың педагогикалық шарттары адам ағзасының салауатты өмір сүруіне бейімделетіні тексерілген. Жоғары оқу орнының оқу үдерісіне ендіру жолдарының айқындалуы, оларды енгізу актісі, ғылыми жарияланымдарымен негізделді. |
| 6. | Негізгі қорытындылардың негізділігі | Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research (куолитатив ресеч) және өнертану мен гуманитарлық бағыттары | Диссертацияның негізгі қағидалары, тұжырымдары, нәтижелері, қорытындылары автордың жарық көрген ғылыми мақаларында көрініс тапқан. Олардың ішінде Қазақстан Республикасы, Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету Комитеті ұсынған журналдарда (С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, «ПМУ Хабаршысы», педагогикалық сериясы; Коммерциялық емес акционерлік қоғамы «Торайғыров университеті», «Торайғыров университетінің хабаршысы», |

Сканировано с CamScanner

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | бойынша). | педагогикалық сериясы) – 4 жарияланым; халықаралық ғылыми мәліметтер ақпараттық Scopus базасында тіркелеген шетелдік журналында жарыққа шыққан ғылыми мақала – 1 жарияланым (Spain, Retos, 2023, #49, p. 713-729); 1 оқу құралы; оқу үрдісіне енгізу 7 акт ұсынылған. |
| 7. | Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар | Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет:<br>7.1 Қағидат дәлелденді ме?<br>1) дәлелденді;<br>2) шамамен дәлелденді;<br>3) шамамен дәлелденбеді;<br>4) дәлелденбеді.<br>7.2 Тривиалды ма?<br>1) иә;<br>2) жоқ.<br>7.3 Жаңа ма?<br>1) иә;<br>2) жоқ.<br>7.4 Қолдану деңгейі:<br>1) тар;<br>2) орташа;<br>3) кең.<br>7.5 Мақалада дәлелденген бе?<br>1) иә;<br>2) жоқ. | Докторант А.Ж. Куватовтың диссертациялык жұмысы бойынша қорғауға шығарылған 7 қағидатты айтуға болады: 1) студенттердің ішкі интеллектуалды әлеуетінің әдіснамалық-тағылымдық негіздері; 2) гносеологиялық және аксиологиялық тұрғыда студенттердің ішкі интеллектуалды әлеуетін арттырудың іс-әрекетінің субъектісі, оның ішкі мотивациясының, қажетсіну уәжінің, жеке мүмкіндіктерінің парадигмалық өрістерде айқындалғаны, тұлғалық болмысының сыни бағаммен өркендеуі; 3) студенттердің ішкі интеллектуалды әлеуетін арттыруда қозғалыс белсенділігінің тиімді қолданудың ойлау өнеріне тигізер ықпалы; 4) студенттердің ішкі интеллектуалды әлеуетін арттырудың педагогикалық негізі; 5) студенттердің дене шынықтыру пәнінде ішкі интеллектуалды әлеуетін арттыру амалдары мен тұжырымдары; 6) студенттердің ішкі интеллектуалды әлеуетін арттыру үрдісінің білімденудің жаңа инновациялық технологиялары мен шарттарына құрылуы; 7) эксперимент нәтижелерінің теориядан туындауы.<br>7.1 Қорғауға шығарылған негізгі 7 қағидаттар дәлелденді.<br>7.2 Қорғауға шығарылған негізгі 7 қағидаттар тривиалды емес.<br>7.3 Қорғауға шығарылған негізгі 7 қағидаттар жаңа.<br>7.4 Қорғауға шығарылған негізгі 7 қағидаттардың қолдану деңгейі, аясы кең.<br>7.5 Аталған 7 қағидаттар мақалада дәлелденген және кең ауқымда |

Сканировано с CamScanner

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | жарияланған. |
| 8. | Дәйектілік принципі. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі | 8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған<br>1) иә;<br>2) жоқ. | А.Ж. Куватовтың диссертациялық жұмысындағы әдіснамалық аппарат дәйектілік принципіне және дереккөздер мен ұсынылған аппараттың дәйектілігіне негізделген. Зерттеу жұмысы барысында басшылыққа алынған жүйелілік-тұтастық, тұлғалық, синергетикалық, инновациялық, интерактивтік тұғырларды және білім беру мазмұнын меңгеруде қарым-қатынас бірлескен іс-әрекетке байланысты психологиялық ерекшеліктерді басшылыққа алуымен негізделген. Докторант диссертациялық жұмыстың қағидалары басшылыққа алынған, нәтижелері экспериментте әдіснамалық және әдістемелік негіздерін құруда теория мен тәжірибенің байланыстылығы, гуманитарландыру, болжамдық метаметодикалық, пәнаралық, саналық, жүйелілік, ғылымилық, ізгілендіру және әлеуметтік тапсырысты сақтау қағидаларын басшылыққа алғаны байқалды. |
| | | 8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып, нәтижелерді алғаны анықталды:<br>1) иә; | Диссертация жұмысының нәтижелері ғылыми зерттеудің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалану арқылы алынған. Компьютерлік технологияларды қолдананған. Оған дәлел докоранттың пайдаланған әдістері: контекст – таңдау, тұжырымдау, салыстыру, педагогикалық модельдеу, SPSS, бағдарламасы арқылы студенттердің ішкі интеллектуалды әлеуеттерін анықтау бойынша алынған нәтижелері өнделіп, тиісті ғылыми нәтижелерге қол жеткізген. |

Сканировано с CamScanner

| | | |
|---|---|---|
| | 2) жоқ. | |
| | 8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):<br>1) иә;<br>2) жоқ. | Теориялық қорытындылар, докторанттың дайындаған оқу құралы «Студенттердің ішкі интеллектуалды әлеуетін арттырудың педагогикалық шарттары» тақырыбына әзірленген. А.Ж. Куватовтың «Студенттердің ішкі интеллектуалды әлеуетін арттырудың тәжірибелік-эксперименттік жұмысының анықтаушы кезеңі» атты диссертациялық жұмысындағы эксперименттік жұмыстарына Павлодар қаласының, КЕАҚ «Торайғыров университеті», КЕАҚ «Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университетінің» барлық 2017-2022жж аралығында үш кезеңдік сынақ тәжірибе жұмысы жүргізілген. Тәжірибелік жұмыс анықтаушы, қалыптастырушы, бақылаушы кезеңдері бойынша сабақтастық қағидамен ұйымдастырылғаны анықталды. Аталған университеттерде А.Ж. Куватовтың ұсынып отырған жаңалығы толығымен педагогикалық үдерісіне енгізіліп, дәлелденген. |
| | 8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған. | Диссертация тақырыбы негізінде философиялық, психологиялық, педагогикалық еңбектер, ресми құжаттар, осы саладағы алыс-жақын шетелдік ғалымдардың ғылыми ізденістері, докторанттың зерттеушілік тәжірибесі бойынша маңызды мәлімдемелер нақты және ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған. |
| | 8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз. | Пайдаланылған әдеби шолуға жеткілікті 229 әдебиет талданған, оның ішінде осы саладағы отандық пен шетелдік ғалымдардың және автордың ғылыми ізденістері бар. |

Сканировано с CamScanner

| | | | |
|---|---|---|---|
| 9 | Практикалық құндылық принципі | 9.1 Диссертацияның теориялық маңызы:<br>1) бар;<br>2) жоқ. | Диссертацияның теориялық маңызы бар. Докторант зерттеу аясында алынған нәтижелер педагогика ғылымы үшін теориялық жағынан көкейкесті, алғаш рет дене шынықтыру пәнінің білім мазмұнын парадигмамен қарастыру тәжірибеге енгізілді. |
| | | 9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:<br>1) иә;<br>2) жоқ. | Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары. Білім және оқыту мазмұнына жаңа инновациялық пайыммен қарастыру жағы басымдық алған. Тұңғыш рет аксиологиялық парадигманың үштік бірліктегі қағидасы қамтылған: 1) гносеологиялық; 2) онтологиялық; 3) стохастикалық негізінде талданып, біліктіліктің траекториясын алға ілгерлетуі мен деңгейлері айқындалып, білім беру жүйесіне мазмұны жаңарып, жүйеленгені байқалды. Алынған нәтижелер өзекті мәселені шешуге арналған. |
| | | 9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма?<br>1) толығымен жаңа;<br>2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);<br>3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем). | Практикалық ұсыныстар толығымен жаңа болып табылады. Жалпы білім беретін мектептерді аяқтауда дене шынықтырудың адам өмірін қамтитын рөлінің ашылмауы, жоғары оқу орнында инновациялық технологиямен жұмыс жүргізу қиындық келтіретініне көңіл бөлініп, оны жаңаша құруларына ұсыныс беруі практикалық жұмыстың алар орның анықтап бергені айқындалды. |
| 10. | Жазу және ресімдеу сапасы | Академиялық жазу сапасы:<br>1) жоғары;<br>2) орташа;<br>3) орташадан төмен;<br>4) төмен. | Академиялық жазу сапасы жоғары. А.Ж. Куватов диссертацияны академиялық жазу ерекшеліктеріне байланысты дербес, аяқталған жұмыс екеніне көз жеткізді. Нақты дәйекті деректемемен дәлелденіп жазылған, ғылыми стильді мақсаттылықпен ұстанған, сілтемелерді дұрыс және орнымен қолданғаны анық. |

Сканировано с CamScanner

| | | | |
|---|---|---|---|
| 11. | Диссертацияға ескертулер | | Докторанттың ғылыми еңбегінің маңыздылығына тоқталып, төмендегідей ескертпелерді атап өтеміз:<br>1. Қазақстандық ғалымдардың еңбектеріндегі стохастикалық, эмпирикалық, алгоритмдік парадигмалар жайлы нақтылауды қажет етеді.<br>2. Диссертация талапқа сай жазылған, кей тұста ой қайталанымы және орфографиялық қателіктер кездесіп тұрады. |
| 12. | Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді) | | Диссертация негізгі нәтижелері мен барлық қорытындылар зерттеудің мақсаты мен міндеттеріне ғылыми тұрғыдан негізделген. Докторант А.Ж. Куватовтың диссертациясының негізгі қағидалары, тұжырымдары, нәтижелері, түйіндемелері, қорытындылары жарық көрген ғылыми еңбектерінде көрініс тапқан. Олар Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымдарда, халықаралық ғылыми журналдар базасына (Scopus базасы) тіркелген шетел журналында баяндалған. |
| 13. | Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес) | | Диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті қоятын диссертациялық жұмыстарға қойылатын талаптарға толық сәйкес келеді. Жоғарыда айтылғандардың негізінде А.Ж. Куватовқа 6D010300 – Педагогика |

Сканировано с CamScanner

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | және психология мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін беруді ұсынамын. |

Ресми рецензент, (PhD) философия докторы, доцент
Алматы гуманитарлы-экономикалық университеті Н.С. Кожамкулова

колын растаймын
подпись заверяю
(Ф.И.О.)(тегі, аты-жөні)
Руководитель кадровой службы
Кадр қызметінің жетекшісі
(Подпись/қолы)
18.12.2024ж

Сканировано с CamScanner